




ЕРЕЖЕ

**ҒЫЛЫМИ
КЕҢЕС**

ПОЛОЖЕНИЕ

Алматы қаласы

«БЕКІТЕМІН»
Қайнар Академиясының
президенті, академик
Е.С. Омаров
« 27 » тамыз 2019 ж.



**Қайнар Академиясының
Ғылыми Кеңесі қызметінің
ЕРЕЖЕЛЕРІ**

1. Жалпы ережелер

1.1. ЖОО Ғылыми кеңесі қызметінің ережелері 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңының 44-бабының 9-тармақшасына және ҚР Б және ҒМ 22.11.2007 ж. № 574 бекітілген жоғары оқу орнының Ғылыми кеңесі қызметінің Типтік ережелеріне сәйкес әзірленген;

1.2. Ғылыми кеңес ЖОО қызметін жалпы басқаруды іске асырады және жоғары оқу орнын алқалық басқару түрлерінің бірі болып табылады;

1.3. Өз қызметінде Ғылыми кеңес Қазақстан Республикасының заңын, осы ережелерді, сонымен қатар, жоғары оқу орнының Жарғысын басшылыққа алады;

1.4. Ғылыми кеңестің қызметі өз құзыретіне кіретін мәселелерді ұжымдық талқылау барысында жариялылыққа негізделеді.

2. Ғылыми кеңестің негізгі міндеттері

2.1. Мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттардың талаптарына сәйкес білім беру қызметтерінің сапасын қамтамасыз ету мақсатымен ЖОО қызметін басқару;

2.2. Білім және ғылым саласындағы мемлекеттік бағдарламалардың жүзеге асырылуын қамтамасыз ету.

3. Ғылыми кеңес қызметінің негізгі бағыттары

3.1. Академияның оқулық, әдістемелік, ғылыми-зерттеу, тәрбие беру және қаржы-шаруашылық қызметінің аса маңызды мәселелерін шешу;

3.2. Ғылыми-педагогикалық персонал лауазымдарын белгілеу және оның өкілеттіктерінің мерзімдерін анықтау бойынша Конкурстық комиссиясының жеке құрамын қалыптастыру;

3.3. Мамандықтардың оқу жұмыс жоспарларын бекіту;

- 3.4. ЖОО Жарғысына ұсыныстар мен өзгертулер еңгізу;
- 3.5. ЖОО ішкі тәртіп ережелерін бекіту;
- 3.6. ҚР Б және ҒМ қауымдастырылған профессор (доцент) және профессор атағын беру туралы ұсынысын қарастыру;
- 3.7. Оқу-әдістемелік және ғылыми әдебиет басылымдарын тақырыптық жоспарын бекіту;
- 3.8. ЖОО құрылымын бекіту. ЖОО құрылымдық бөлімшелерін құру, қайта құру және жою туралы сұрақтарын шешу;
- 3.9. ЖОО даму тұжырымдамасын анықтау;
- 3.10. Оқу-әдістемелік, ғылыми-зерттеу, тәрбие беру және халықаралық байланыстар негізгі бағыттары бойынша ЖОО дамытудың болашақ жоспарлары мен бағдарламаларын қарастыру және бекіту;
- 3.11. Президенттің, проректорлардың, құрылымдық бөлімшелердің бастықтарының есептерін тыңдау;
- 3.12. Диссертациялық зерттеулер бойынша магистранттар мен білімгерлерге тақырыптар мен ғылыми жетекшілерді, кеңесшілерді бекіту;
- 3.13. Құрметті атақтарды, мемлекеттік және ведомстволық марапаттарды, айтулы стипендияларын беруге ұсынымдарды қарастыру;
- 3.14. Академияның құрметті атақтары мен марапаттарын, айтулы стипендияларды тағайындау;
- 3.15. Мемлекеттік тілді және студенттердің тілдік дайындықтарын дамыту бойынша шешімдер қабылдау;
- 3.16. ПОҚ және педагогикалық кадрлардың біліктілігін жоғарылату туралы шешімдер қабылдау;
- 3.17. Инновациялық оқыту технологияларын және білімдерді бақылауды жүзеге асыру туралы негізгі ережелерді бекіту;
- 3.18. ЖОО ПОҚ қызметін рейтингтік бағалау ережелерін бекіту;
- 3.19. Ақылы негізде оқудан мемлекеттік білім беру гранттары бойынша оқуға ауыстыру туралы шешімдер қабылдау;
- 3.20. Студенттер мен қызметкерлерді әлеуметтік қорғау мәселелерін шешу;
- 3.21. ЖОО қызметін реттейтін негізін қалаушы нормативтік және құқықтық құжаттар жобасын қарастыру және оларға ұсыныстар еңгізу;
- 3.22. Бюджеттен тыс қаражаттарды пайдалану тәртібін, сонымен қатар, ақылы негізде қызме көрсету және шығарылатын өнімді жүзеге асыру арқылы табыстарды қайта инвестициялау бағыттарын қарастыру;
- 3.23. Студенттер құрамын қалыптастыру қорытындыларын талқылау;
- 3.24. Жаңа мамандықтарды ашу туралы ұсыныстарды қарастыру;
- 3.25. «ЖОО ең үздік оқытушысы» грантына ізденуге Республикалық байқауына қатысу үшін ПОҚ кандидатураларын бекіту;
- 3.26. Алқалық шешімді қажет ететін басқа да сұрақтарды қарастыру.

4. ЖОО Ғылыми кеңесін қалыптастыру және жұмыс істеу тәртібі

- 4.1. Ғылыми кеңестің құрамына президент, проректорлар, директорлар, кафедра меңгерушілері, бірқатар құрылымдық бөлімшелердің және қоғамдық ұйымдардың бастықтары, жетекші ғалымдар, магистранттар және студенттер;

4.2. Ғылыми кеңес мүшелері ЖОО жалпы отырысында ашық дауыс берумен сайланады;

4.3. Ғылыми кеңестің құрамы 3 жыл мерзімімен сайланады және мүшелердің тақ сандарынан тұрады;

4.4. Ғылыми кеңестің төрағасы кеңес мәжілістерін өткізетін және шешімдерінің орындалуын бақылайтын ЖОО ректоры/президенті болып табылады. Төраға өзінің міндеттерін жоқ болған кезінде атқаратын төраға орынбасарын тағайындайды;

4.5. Ғылыми кеңестің жұмысын жүргізу және ұйымдастырушылық қамтамасыз ету Ғылыми кеңеспен тағайындалатын ғалым хатшыға жүктеледі;

4.6. ЖОО қызметтерінің әр түрлі бағыттары бойынша комиссияны қалыптастыруға құқылы;

4.7. Ғылыми кеңес мәжіліске кемінде оның мүшелерінің 2/3 қатысатын болса, шешімдер қабылдауға құқылы. Кеңес мүшелерінің мәжіліске келуі келу парағында олардың жеке қолдарымен расталады;

4.8. Ғылыми кеңестің шешімдері қатысушы мүшелерінің ашық дауыс берулерімен қабылданады. Жеке мәселелер бойынша Ғылыми кеңес құпия дауыс беру жолымен шешім қабылдай алады. Құпия дауыс беру үшін кемінде 3 адамнан тұратын санау комиссиясы құрылады;

4.9. Ғылыми кеңестің шешімдері кеңеске қатысушылардың жартысынан көбі дауыс берген жағдайда қабылданған болып саналады;

4.10. Кеңестің шешімі ЖОО ректорымен/президентімен бекітілгеннен кейін күшіне енеді;

4.11. Ғылыми кеңестің мәжілістері кеңестің төрағасымен және ғылыми хатшысымен бекітілетін хаттамалармен рәсімделеді;

4.12. Ғылыми кеңестің мәжілістері оқу жылы барысында айына ең көбі бір рет жүргізіледі;

4.13. Ғылыми кеңестің жұмысы әр жылға (семестрге) әзірленетін және Ғылыми кеңес мәжілісінде бекітілген жоспар бойынша жүргізіледі;

4.14. Ғылыми кеңестің шешімдері Академияның барлық ұжымы үшін міндетті болып табылады.

5. Қорытынды ереже

Осы Ережелер Ғылыми кеңес қызметінің негізгі бағыттарын және оны қалыптастыру мен жұмыс істеу тәртібін реттейтін негізгі құжат болып табылады.

Қайнар Академиясының Ғылыми Кеңесі қызметінің ЕРЕЖЕЛЕРІ 27 тамыз 2019 жылдың №1/54 отырысында талқыланып, бекітілді.